

Ж.Ә. Әбелдаев 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: Zheka75akim@gmail.com

## ТҮРІК ҚАЛАМГЕРІ Х.Н. АТСЫЗДЫҢ «КӨКБӨРІЛЕРДІҢ ӨЛІМІ» РОМАНЫНДАҒЫ ТҮРКІ БІРЕГЕЙЛІГІ

Белгілі түрік қаламгері Хүсейін Нихаль Атсыз тарихи романдарды ХХ ғасырдың орта шенінде жаза бастады. Оның «Көкбөрілер» тарихи дилогиясы тарихтың терең қатпарларын нұрландырып, түрік социумының сана-сезіміне айтарлықтай ықпал етті. Түркілер құрған ұлы мемлекеттердің тұрақтылыққа ұмтылысы мен оның құдірет-күші тарихи деректер арқылы дәлелденіп, жоғары көркем стильмен беріледі. Х.Н. Атсыздың «Көкбөрілер» тарихи дилогиясының бірінші кітабы – «Көкбөрілердің өлімі» деп аталады. Романда суреттелген тарихи шындықтың сюжеттік желісі – Түркі қағанатының құрылуы, оның іштей жіктеліп екіге бөлінуі және осы мемлекеттің қытай династияларына қарсы кескілескен шайқас жүргізуі болып табылады. Қытай әскеріне қарсы айқастар шынайы және боямасыз суреттеледі. Аяусыз қырғында сәттілік біресе түркілер жағында болса, енді бірде олардың жауы қытайларға ауысып отырады. Автор күші жағынан басым қарсыласының табандылығы мен зұлымдығына қарамастан көне түркілердің ерлігін көркем түрде бейнелеп, олардың тек жер үшін ғана емес, сонымен қатар өздерінің түркілік бірегейлігін сақтап қалу жолындағы ұмтылысын да суреттейді.

Мақалада Хүсейін Нихаль Атсыздың «Көкбөрілердің өлімі» тарихи романындағы түркі бірегейлігі танымы мәселесінің нақты мәні қарастырылады.

**Түйін сөздер:** Хүсейін Нихаль Атсыз, тарихи роман, түркілік бірегейлік, түрік әдебиеті, ультрапантүркизм, «Көкбөрілердің өлімі» романы.

Zh.A. Abeldaev

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: Zheka75akim@gmail.com

### The turkic identity in the novel «Death of the grey fierce» by the turkish writer Kh. N. Atsyz

Turkish writer Hussein Nihal Atsyz began writing historical novels in the middle of the 20th century. His historical dilogy «Fierce Gray» had a significant impact on the self-consciousness of the Turkish society, illuminating the deep layers of history. The power and desire for stability of the great states founded by the Turks is proved through historical facts and interpreted by a high artistic style.

The first book of the historical dilogy «Fierce Gray» by Kh.N. Atsyz is called «Death of the Fierce Gray». The storyline of the story described in the novel is the foundation of the Turkic Khaganate, its division into two parts, and the fierce struggle that this state waged against the Chinese dynasties. The struggle against the Chinese armies, in which success was on the side of the Turks, then on the side of their enemies in a fierce battle, is described reliably and without embellishment. The author describes in an artistic form the heroism of the ancient Turks, who, despite the stubbornness and cunning of a strong enemy, not only fought for the land, but also tried to preserve their Turkic identity.

The article deals with the question of the specific content of the concept of Turkic identity in the historical novel «Death of the Fierce Gray» by Hussein Nihal Atsyz.

**Key words:** Huseyn Nihal Atsyz, historical novel, Turkic identity, Turkish literature, ultra-pan-Turkism, novel «Death of the Grey Fierce».

Ж.А. Абелдаев

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: Zheka75akim@gmail.com

### Тюркская идентичность в романе «Смерть серых лютых» турецкого писателя Х.Н. Атсыза

Турецкий писатель Хусейн Нихаль Атсыз начал писать исторические романы в середине ХХ века. Его историческая дилогия «Серые лютые» оказала значительное влияние на самосознание турецкого социума, осветив глубокие пласты истории. Мощь и стремление к стабильности великих

государств, основанных тюрками, доказываются через исторические факты и интерпретируется высоким художественным стилем.

Первая книга исторической диалогии «Серые лютые» Х.Н. Атсыза называется «Смерть серых лютых». Сюжетная линия истории, проводимая в романе, – это основание Тюркского каганата, разделение его на две части и жестокая борьба, которую это государство вело против китайских династий. Достоверно и без прикрас описывается борьба против китайских армий, в которой успех был то на стороне тюрков, то на стороне их врагов в жестокой схватке. Автор в художественной форме описывает героизм древних тюрков, которые, несмотря на упорство и коварство сильного противника, не просто сражались за землю, но и пытались сохранить свою тюркскую идентичность.

В статье рассматривается вопрос конкретного содержания понятия тюркской идентичности в историческом романе «Смерть серых лютых» Хусейна Нихалья Атсыза.

**Ключевые слова:** Хусейн Нихаль Атсыз, исторический роман, тюркская идентичность, турецкая литература, ультрапантюркизм, роман «Смерть серых лютых».

## Кіріспе

Түрік әдебиеті тарихында «ұлттық көзқарас» айрықша Түркияда 1918-1923 жылдар арасындағы ұлт-азаттық күрес кезеңінде пантүркистік және панисламистік бағыт алып, жалпы қоғамдық сипатқа ие болды және ол түрік әдебиетінде негізгі тірек ағым болып орныға бастады. Бұл жерде пантүркистік (түрікшілдік) және панисламистік (исламшылдық) саяси-идеологиялық доктриналардың саяси сахнаға шығуы – Осман империясының халифат ретінде жойылуы және Батыстық интервенттердің түрік жерін басып алу әрекеттерінен туындаған қажетті бастама болатын. Пантүркизм, яки түрікшілдік ағымы – түркі халықтарының ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде елдік бірегейлікті сақтау жолында үстем идеология ретінде қабылданып, сол жолда күрес жүргізуі негізінде пайда болды. Ол тек Анадолы жерінде ғана емес, Ресей құрамындағы түркі халықтарына да өз ықпалын тигізді. Исмаил Гаспыралы, Жүсіп Ақшора, Зәки Уәләди Тоған, Баймырза Хайт, Мұстафа Шоқай сынды түркі халықтарынан шыққан мемлекет қайраткерлері түрікшілдік идеологиясын қолдағандардың қатарынан орын алды.

Түрікшілдік идеясы әсіресе қырым татарларынан шыққан ойшыл Исмаил Гаспыралының (Исмаил Гаспринский) есімімен тікелей байланысты қарастырылады. И. Гаспринскийдің «тілде, пікірде, істе бірілік» деген ұраны түрікшілдіктің темірқазығына айналды. 1883 жылы Бақшасарайда (Қырым) Исмаил бей Гаспыралы шығарған «Тержүман» газеті – түрікшілдік идеясының негізгі басылымына айналды. Жалпы, пантүркизм ағымы панславянизм мен пангерманизм ағымдарына балама ретінде пайда болған (<https://ru.wikipedia.org/>

wiki). Ал «Британника» энциклопедиясында пантүркизмді былайша түсіндіреді: «Осман империясы, Ресей, Қытай, Иран және Ауғанстандағы түркі тектес халықтардың саяси тұрғыдан бірігуін мақсат еткен ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында пайда болған саяси қозғалыс. Қырым мен Волга бойындағы түркі тектес халықтар арасында басталған қозғалыс бастапқыда Осман және Ресей империяларының түркілерді Патшалық Ресейдің озбыр билігіне қарсы біріктіруге тырысты (<https://www.britannica.com>).

Қазақстанда Алашорда үкіметінің құрылуының өзі пантүркистік көзқарастан туындаған акция деп, олардың мүшелері түрікшілдікпен айыпталып қудаланған еді.

Пантүркизм ағымы Осман империясының негізгі доктринасы болған паносманизмді (османшылдық) алмастырды. Аталмыш ағымды жүйелеп, теориялық еңбек жазып, ғылыми айналымға енгізгендердің бірі – түрік идеологы Зия Көкалып еді. ХХ ғасырдың басындағы түріктің белгілі ойшылы, ақын, жазушы, саясаттанушы, әлеуметтанушы, мәдениеттанушы, қоғам және мемлекет қайраткері Зия Көкалып өзінің «Түркілену, исламдану және модернизациялану» (Gökalp, 1918a) және «Түрікшілдіктің негіздері» (Gökalp, 1923b) атты саяси-философиялық трактаттары арқылы пантүркизм, панисламизм және пантүранизм терминдеріне анықтама беріп, олардың пайда болуы мен қолданылу аясын сипаттап, мән-мағынасын таразылап, жүйелеп берді. Бұл саяси-идеологиялық ағымдардың пайда болуы Осман империясының ыдырауы негізінде пайда болды деп тұжырымдайды Зия Көкалып. Өйткені, сол кезде Осман империясында билік режимі трансформацияланып, жаңа формацияға өту сатысында болатын. Ал болашақта құрылатын жаңа билік жүйесіне, яки

жаңа мемлекетке жаңаша идеология қажеттігі – уақыт талабы болатын. Сондықтан да философ Зия Көкалып Осман империясының ыдырауы үдерісі кезінде жаңа ұлттық бірегейлік ізденістеріне кірісіп кеткен еді. Осы көзқарастың негізінде түрік қоғамының өзіне тән моральдық және мәдени құндылықтарын кейбір Батыстық құндылықтармен синтездеп, белгілі бір нәтижеге жетуді көздеді.

Автор «түркілену, исламдану және модернизациялану» деген тұжырымының төркінінде мәдени элемент – түрікшілдік, ал моральдық элемент – исламшылдық деп түйіндеді. Зия Көкалыптың пікірінше халықаралық мәдениеттің негізін ұлттық мәдениеттер құрайды. Мысалы ол сарай әдебиетіне қарсы халық әдебиетін қойып салыстырмалы талдау жасады. Батыстың технологиясы мен ғылыми дамуына негіз болған позитивістік ғылыми түсінікті қолдады. Ал дінді қоғамдық бірлікті сақтаудың көмекші құралы ретінде бағалады. Зия Көкалып құрған қоғамдық модель Эмиль Дюркгеймнің «ынтымақтастық» теориясына иек артты (Durkheim, 1919). Тұлғаны негіз еткен либерализм мен қоғамдық текетіресті қолдайтын марксизм идеясына қарсы кәсіби ұйымдарды қоғамдық бірлік ретінде мойындайтын «ынтымақтастық» идеясын қолдады.

Зия Көкалып саяси-қоғамдық көзқарастары туралы көптеген мақала жазды. Түрікшілдік идеясын жүйеледі. Түріктің ұлттық әдебиетінің құрылуы мен дамуында ерекше рөл ойнады. Зия Көкалыпты «түрікшілдіктің атасы» деп те атайды.

Түрікшілдік пікірі Батыстық және орыс басқыншылары тарапынан қатты сынға ұшырап, ол әсіре ұлтшылдыққа баланып, «ескіні көксеуші», «ұлттың жақтаушы», «хандық мемлекетті аңсаушы» деген көзқарастармен тұжырымдалды. Сондықтан кез келген түркі халықтарына қарсы айыптаулар түрікшілдік, тұраншылдық идеялары арқылы жазаланып отырды.

Пантұранизм негізінде болашақта күллі түркі халықтарының бір тудың астына бірігіп, ұлы мемлекет құру идеясы жатыр. XX ғасырдың басында түрік жазушысы Халиде Эдип Адывар «Жаңа тұран» (Yeni Turan) (Adıvar, 1912) романы арқылы көне түркі мәдениетін тірілтіп, «көкбөрі» образын жандандырды.

XX ғасырдың басында түрік қоғамында түрікшілдік, исламшылдық және тұраншылдық идеялары көп насихатталды. Ол түрік мәдениеті мен әдебиетіне де әсер етпей қоймады. Түрік әдебиетінде қаламгерлерге «түрікшіл, исламшыл, тұраншыл, батысшыл» деген атаулар таңу үдерісі белең алды. Сондай-ақ, түрік қалам-

герлері Зия Көкалып ұсынған рухани және әлеуметтік саладағы бағыттарға байланысты өздігінше жіктеліп, тіл, әдебиет, тарих, діл, дін, саясат, экономикадағы түрікшілдер деп бөлінді.

Түрікші – Зия Көкалып, исламшы – Мехмет Акиф Ерсой, тарихқа ерекше ден қойған ұлтшыл – Яхия Кемал Бейатлы, Батыстық тенденцияны қолдаушы ұлтшылдар – Халиде Эдип Адывар мен Якуб Кадри Қараосманоглы, түрік тілін жақтаушы – Мехмет Эмин Юрдақұл және т.б. араларындағы аз ғана өзгешеліктер арқылы түрік жазушылары түрлі саладағы түрікшілдік идеяларын қолдап, «Ұлттық армияның» (Kuvai Milliye, Kabaklı, 1994) ой-пікірі мен әдебиетін жасауға атсалысты.

Ұлттық ой-пікір мен көзқарастар мұрасы түрік әдебиетіндегі «Бес буыншы» поэтикалық бағыты мен сол кездегі Пеями Сафа сынды жас романистердің шығармашылығында өз жалғасын тапты. Түрікшілдік ұраны тіпті жас Назым Хикметке де ерекше әсер етіп, ол «буын» өлшемімен ұлттық поэмалар жазуға бетбұрыс жасады.

Алайда, Республика құрылғаннан кейінгі кезеңде Исламға және тарихи көзқарастағы ағымдарға мемлекет оң қабақ танытпады. Мемлекет ақын-жазушылардан «революцияшыл-ұлтшыл және бір партиялық» көзқарас негізінде жазу керектігін талап етті. Мемлекеттің бұл ұстанымы көптеген әдебиет қайраткерлерінің көзқарастарына қайшы келді, тіпті базбіреулері жазудан бас тартты. Мысалы, мұндай талаптан соң түріктің ұлттық гимнінің авторы, түрік әдебиетінде панисламизм ағымының ірі өкілі Мехмет Акиф Ерсой Мысыр ауып кетті, ал Халиде Эдип Адывар бірнеше жыл Европада тұруға мәжбүр болды. Яхия Кемал Бейатлы болса, тек өзіндік шығармашылығымен айналысып, көбінесе дипломатия саласына қарай ауысты. Осылайша, ұлт-азаттық күрес кезеңі әдебиетінің бетке ұстар тұлғалары ақырындап әдебиет майданынан ығыса түсті.

Жаңа құрылған жас Түркия мемлекетінің ақын-жазушыларына өз шығармашылықтарын жалғастырудың осылайша негізгі үш жолы белгілі болды. Бірінші жолға – Бехчет Кемал Чағлар секілді (бұл топтың құрамында әуел баста Фарук Нафиз Чамлыбел, Орхан Сейфи Орхон, Юсуф Зия Ортач, Халит Фахри Озансойда болған) діни және тарихи ұстанымдарды негізге алмаған «Кемалистік-революцияшыл» ресми ұлтшылдарды жатқызамыз. Екінші бағытты – поэзия мен прозада ерекше эстетикалық, сыршыл символикалық және терең философиялық

тенденцияға бет бұрған Нәжіп Фазыл Кысакүрек, Ахмет Хамди Танпынар, Ахмет Мухип Дыранас секілді суреткерлер ұстанды. Ал үшінші бағытқа – Назым Хикмет Ран, Хасан Иззеддин Динамо, Садри Эртем, Сабахаддин Әли сынды социалистік доктринаны мойындаушы, солшыл идеологияны жақтаушы қаламгерлер орналасты (Kabaklı, 1994: 640).

Социалистік реализмді жақтаушы түрік қаламгерлері 1925 пен 1940 жылдар арасында батыл, қайтпас ұстанымдары, кез келген дауды шешуге дайын қайсар көзқарастары, шет күштерге арқа сүйегіш бағыттары және түрік ұлтшылдығына қарсы әдеби ұстанымдарды көз ілеспес жылдамдықпен жалғастырып жатқанда оларға қарсы шығып, өздерінің ұлттық ұстанымдарының өзегін Зия Көкалып, Мехмет Эмин Юрдақұл және Яхия Кемал Бейатлы ұлтшылдығынан өрбіткен күрескер жаңа буын әдебиетшілер пайда болды. Олар ұлттық әдебиетті қайта жаңғыртуға сүбелі үлес қосты. Бұл топты жақсы ұйымдасқан, белгілі бір әдеби декларациялармен топтасқан бағыт деуге келмейді. Олардың өз арасында кейбір өзгешеліктер де бар. Олар мынандай топтар деп топшылаймыз:

Алғашқы топтың басында – Хүсейін Нихаль Атсыз тұр. Ол – түрікшіл-ұлтшыл немесе әсіре түрікшіл (aşırı türkçülük, ультрапантүркизм) бағытының негізін салды. Х.Н. Атсыз – көбінесе Исламнан бұрынғы және сол кездері Түркиядан тысқары қалып қойған түрікшілдіктің идеологиясын, әдебиетін, мәдениетін және күрескерлік рухын мәселе етіп көтерді. Яғни, Х.Н. Атсыз мырза түркі халықтарының бір байрақтың астына бірігуі (тұраншылдық) идеясын ту етіп көтеріп, сол жолда күресін бастап кетті. Зия Көкалыптың «тұраншылдық» идеясын ұлттық идеология деңгейіне көтеру мәселесі ХХ ғасырдың басында саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты Түркияның қолынан әл-әзір келмейді, бұл мәселені кейінге қалдыра тұру керек деген сөзіне қарамастан Х.Н. Атсыз бұл істі шындап қолға алған еді. Шынтауайтында, ол бұл күресін өмірінің соңына дейін жалғастырып, белгілі бір дәрежеде жеңіске де жеткен-ді.

Түрік ұлтшылдығын үгіттеудің екінші тобын белгілі ақын Орхан Шаик Көкяй бастап тұр. Белгілі түрік ақыны эпикалық стильмен Анадолыдағы лирикалық (Saz Şiiri) поэзия дәстүрін жаңаша жаңғыртуды көздеді. Дастандық поэзияның жандануы соғыстан әбден қажыған Анадолы түріктеріне шын мәнінде ерекше күш-қуат сыйлады. Түрік халқының

еңсесін көтеріп, отаншылдық сезімдерін оятты, патриотизмге баулыды.

Бұдан қатты әсерленген түрік ақыны Басри Гожул енді лирикалық поэзияны асып, эпостар дәуіріне бет бұрды. Көне түркі эпостарын жандандыруға ерекше үлес қосты. «Оғыз» эпосын негізге ала отырып, батырлық жырлар жазуға кірісіп кетті.

Ал еркін жанрдағы қара өлең шебері Ариф Нихат Асия ұлттық мәселені де, тарихи-ислами мәселені де, терең эстетикалық поэзияны да жаңаша жырлау арқылы түріктің ұлттық мәселесін өзінше шешуге кірісті. Түріктің алқызыл туын идеялық-тақырыптық ерекшелік ретінде қарастырған А.Н. Асияның тек түріктің туы туралы өлеңдерінің өзі бір кітапты құрады. Ал түрік жұрты атақты шайырды «Байрақ ақын» деп атап кетті.

Осы ұлттық бағыттағы қаламгерлердің ішіндегі жан аямас күрескерлігімен белгілі болғаны – ультрапантүркист Хүсейін Нихаль Атсыз еді. Түркі халықтарының жоқтаушысына айналған күрескер қаламгер өзінің шығармашылығын түркі бірегейлігін әспеттеуге бағыттады. Оның «Көкбөрілер» тарихи дилогиясында түркілердің тарих сахнасына шыққан күннен бастап өздері қорғаған күллі адамзаттық құндылықтар әңгіме өзегіне айналады (Tural, 1976).

### **Тақырыпты тандауды дәйектеу, мақаланың мақсаты мен міндеттері**

Кез келген халықтың рухани көрсеткішінің бірі – тарихи романдар екендігі белгілі. Тарихи романдар арқылы әр халықтың тарихи санасы жаңғырып, рухани баюға бет бұрады. Өз тарихын түгендеп, оның ақтаңдақ беттерін қалпына келтіру ұлт мәдениетінің көркейгендігін ғана көрсетіп қоймайды, сол халықтың қоғамдық парызы екендігін де еске салады.

Түрік қаламгері Х.Н. Атсыз «Көкбөрілер» тарихи дилогиясы арқылы көне түркілер тарихына барып, Түрік қағанатының құрылуын сөз етуінде бабалар қалыптастырған мемлекетшілдік көзқарастың қазіргі идеологиялармен астасып жатқандығын дәлелдеуде жатыр. Автор түркілердің халық болып қалыптасуы, мызғымас мемлекет құру жолында жауларына қарсы аянбай күресуі мәселелерін елдік тұрғыдан саралауға тырысады.

Екіншіден, әр халық өзінің тегін іздеу, оны жоғалтпау, рухани һәм материалдық құндылықтарын сақтап қалу үшін қолдан

келгенін істеп бағады. Бұл тенденция барлық халықтың болмысына тән нәрсе. Сол арқылы ұлттық бірегейлігін сақтау жолында қандай қиындыққа болса да төзеді.

Мақалада тарихи романның табиғатына тән тәсілдер арқылы түркілік бірегейлік идеясының көтерілуін таразылау мақсат етіледі. Қазіргі таңда Түркияда да, Қазақстанда да ұлттық бірегейлік мәселесі өткір тұр. Әсіресе, ұлттық бірегейлікті идеялық тұрғыда шешу тәуелсіз Қазақстан үшін өте маңызды. Ұлттық кодымызды жоғалтып алмау мақсатында ұлттық бірегейлікті жан-жақты қарастырып, оны сақтаудың тетіктерін іздеген жөн. Бұл тұрғыда Түркияда оңды істер атқарылып жатыр.

Ұлттық бірегейлік – тарихи сана жаңғыруының негізгі көрсеткіші. Ал тарихи сана жаңғырған жерде ілгерілеушілік, дамушылық көрініс табады. Ататектің қастерін сана жаңғырту арқылы сезінуге болады. Сондықтан алдағы міндеттер – ұлттық код, ұлттық бірегейлік, мәңгілік ел болу мәселелеріне жүйелі түрде үздіксіз қозғау салып, жаңартып, жаңғыртып отырған жөн.

### Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында қажетті деректерді дайындау үшін тақырыптың көлеміне, өзектілігіне және мәліметтердің әралуандылығына баса назар аударылды. Тақырыптың методологиялық негізін түрік тіліндегі әдебиеттер құрап отыр. Қарастырылатын негізгі тақырыптар – түрік әдебиетінде тарихи романның негізін салушы түрікші-тұраншы қаламгер Хүсейін Нихаль Атсыздың «Көкбөрілер» дилогиясының алғашқы кітабы «Көкбөрілердің өлімі» романындағы түркілік бірегейлік мәселесі. Х.Н. Атсыз – өз заманының қайсар жазушысы, сол кездегі саяси-идеологиялық ұстанымдарға ашық қарсы болып, Түркияның ұлттық жолда дамуын қалады. Алайда оның ұстанған жолы ХХ ғасырдың басындағы әлемдік саяси ахуалға сай келмейтін еді.

Тақырыпқа қатысты әдебиеттерді саралауда түрік ғалымдарының іргелі зерттеулері негізге алынды. Оларды мақала жазу барысында ғылыми талдаудан өткізу – зерттеудің басты міндеттерінің бірі болды. Түрік тіліндегі еңбектердің арасында айрықша түрік зерттеушілері Ахмет Кабаклының 5 томдық «Түрік әдебиеті» (1994), Инжи Енгинүннің «Жумхуриет кезеңіндегі түрік әдебиеті» (2010) және Әлемдар Ялчынның «Саяси-әлеуметтік өзгерістер тұрғысынан Жумхуриет кезеңі. Қазіргі түрік романы. 1946-2000» (2005) атты шығармаларына иек арттық.

Тақырыпқа негіз болған шығарма – түріктің белгілі қаламгері Х.Н. Атсыздың «Көкбөрілер» тарихи дилогиясының (Bozkurtlar, 2018) бірінші кітабы болып табылатын «Көкбөрілердің өлімі» романы талдау нысанына өзек болды. Сондай-ақ, Х.Н. Атсыздың саяси-идеологиялық һәм мәдени-әдеби көзқарасын айқындауға өзінің төл шығармалары – «Түрік әдебиеті тарихы» (2015), «Түрік тарихындағы мәселелер» (2016) және поэтикалық шығармасы – «Жолдардың соңы» (2016) мақала жазуға өз септігін тигізді.

Сонымен қатар зерттеу мақаланы жазуда түрік және отандық ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері мен тұжырымдары қолданыс тапты. Ғылыми мақалада тарихи-салыстырмалы, сипаттау, баяндау, саралау, тұжырымдау және жүйелеу әдістері қолданылды. Сонымен бірге интернет материалдары да мақаланың жазылуына өз септігін тигізді. Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда тақырыптың өзекті мәселелерін объективті түрде шешуге талпыныс жасалды.

### Талқылаулар мен нәтижелер

Түріктің көрнекті жазушысы Хүсейін Нихаль Атсыз түрік әдебиетінде түрікшілдік-тұраншылдық бағыттың негізін салумен қатар, оның әсіре формасы – ультрапантүркизм (түр. *Aşırı türkçülük*) бағытының да негізін қалады. ХІХ ғасырда Танзимат әдеби кезеңінде басталған түрікшілдікке бетбұрыс үдерісі әсіресе ХІХ ғасырдың соңында Мехмет Эмин Юрдақұл поэзиясында кеңінен көрініс тапты. Ал Х.Н. Атсыз түрікшілдік-тұраншылық идеясының саяси-идеологиялық негізін қалады. Х.Н. Атсыз үшін түрік халықтарынан асқан ұлт жоқ, мәңгі ел, мәңгілік мемлекет тек түркілерде ғана болған деген тұжырымға келеді, өзге ұлттарды түркілерден төмен санайды, олар тек қана түркілерге қызмет етуші ұлыстар дегенді мойындайды. Тұраншылдық идеясы (пантуранизм) – түркі халықтарының негізгі тірегі екенін өзінің шығармалары арқылы дәлелдеуге тырысады.

Х.Н. Атсыз – тек жазушы ғана емес, сонымен қатар кәсіби тарихшы, ғалым, журналист, мәдениеттанушы, ақын, публицист, мемлекет және қоғам қайраткері. Ол өзі өмір сүрген қоғамның ішінде болып жатқан барлық саяси-қоғамдық өзгерістерге бей-жәй қарамай бар ынтасымен араласып, өзінің және халқының көзқарастарын білдіріп отырды. Әрине, кейде оның қыңыр табиғаты өзіне кесір болып тиіп те жатты. Алайда күрескер қаламгер Х. Атсыз өз ойларынан еш айныған емес. Ол түрік халқының

жарқын келешегін құруға көмектесті. Ұлы идеолог Зия Көкалып өмірден өткен соң «түрікшілдік» идеясының негізгі жақтаушысы рөлін атқара отырып, ежелден жалғасып келе жатқан түрікшілдік пайымдарының диалектикалық сабақтастығын құрды және оны жаңа дәуірде жаңғырта түсті.

Х.Н. Атсыз – өмірлік кредосына айналған түрікшілдік, ұлтшылдық көзқарасына өмірінің соңына дейін берік болды. Ал «тұраншылдық» оның идеалы саналды. Х.Н. Атсыз сол үшін де өмірдің түрлі қиындықтарына төзе білген, ауыртпашылықтарын өзі арқалап, бұл жолда еш қаймықпаған, ұмтылысы мен ынта-жігерін жоғалтпай күресуден жалықпаған қайсар тұлға. Өмірінің соңғы кезеңінде өзі жазған «Соңына таман» деген мына бір ғазалы оның күрескерлік табиғатын толық ашып тұрғандай:

«Bilsin cihan ki ben bu cihanın nesindeyim;  
Bir ülkünün mehabetinin zirvesindeyim.  
Dünya denen mezellete dalsın her isteyen,  
Ben ırkımın şeref taşan efsanesindeyim.  
Herkes bir özleyişle yaşar... Ben de öylece  
Altaylar'ın ve Tanrı Dağ'ın çevresindeyim.  
Merdanelikle şöyle bakıp ayrılıklara,  
Son menzilin hüznü dolu kaşanesindeyim.  
Artık veda zamanına pek fazla kalmadı;  
Yorgun ve kimsesiz ölümün bahçesindeyim»  
(Атсыз, 2016: 96).

Қазақша аудармасы:

«Әлем білсін, мен бұл әлемнің қай жеріндемін;  
Бір идеалдың ұлылығының биік көгіндемін.  
Дүние деген жексұрынға сүңгісін кім көрінген,  
Мен нәсілімнің абыройы тасыған  
аңыз-эпсанасындамын.  
Өркімнің өз сағынышы бар...  
Менің жайым да дәл солай  
Алтай менен Тәңірі таудың қойнауындамын.  
Батылдықпен жөні түзу қарап айырылыстарға  
Соңғы нысанның қайғы толы сәнді сарайындамын.  
Қоштасу сәтіне де көп уақыт қалған жоқ,  
Әбден шаршап торыққан елсіз өлімнің  
бақшасындамын» (аударған – автор), –

деуінде қаламгердің бітім-болмысы анық байқалады. Осылайша түркілік пен түрікшілдікке деген махаббаты және өзінің идеялық әлеміне деген көзқарасы белгілі болған Атсыздың бұл күрес жолындағы жалғыздығы мен оны жегідей жеген қайғы-мұңы да ғазалда орынды суреттелген.

Шын мәнісінде, Х.Н. Атсыздың өзінің ой-пікірлеріне берік болғандығы, сенім жолындағы

қиыншылықтарға ешқандай мүдделерді көз-демей тікелей араласқандығы, түркілік идеясын бәрінен жоғары қойғаннан өзге іштен-сырттан араласқандарды, қастық жасағандарды өзінің жеке жаулары деп қана білгендігі оның адамгершілігінің нақты көрінісі дер едік. Оның табиғаты сондай болды.

Кеңес Одағына миллиондаған түркі тектес халықтарды қыспаққа алып отырғандықтан қатты ашулы болғандығы күмәнсыз. Ал коммунизм жолына түскендерді дәл осы ұстанымдары үшін кешірмей өтті. Сондай-ақ, Атсыз фашизмнің сол кездегі мақтаншақ, милитарист көшбасшысы болған Италия басшысы Муссолиниге де, коммунизмге қарсы болғанындай, ауыр да аяусыз соққы берді. Сол кезеңде Италия билігінің түріктерге күш көрсетуіне байланысты Атсыз «Шақыру» атты өлең жазып, Муссолиниді сын тезіне алған еді. Түрік еліне қарсы ешкімнің жаман сөз айтуын көтере алмады, бәріне қорықпастан қасқая қарсы тұрды. Өзінің идеясына берік Атсыз ешқандай билікке жоламады. Өзі берілген ісіне, көтерген шетін мәселесіне қарсы шыққан әділетсіз және қарама-қайшы көзқарасты билікпен арада дау шығаруға дайын тұрды. Идеясына сенімді болған Атсыз сырттан өзіне сүйеу болатын бір ел немесе қандайда бір күш, қорғаушы іздеуден аулақ болды. Оның үстіне, түрік ұлтшылы өзінен және ұлтынан өзге кімге сенуіне болады, қандай шетелдікке арқа сүйейді?! Мысалы үшін, Италия ұлтшылы (фашист) немесе неміс ұлтшылы (нацист) бір түрік ұлтшылына қандай қисынмен көмектесуі керек? Өзге бір елдің ұлтшылдарына көмектесу дегеніміз – қандайда бір халықтың ұлтшылының мүддесі мен қисынына қарама-қайшы деген сөз. Кез келген бір мемлекеттен немесе халықаралық ұйымдардан, яки идеологиялық құрылымдардан көмек алған кісіні ұлтшыл деуге келмейді, ол ешқашан ұлтшыл бола алмайды. Сондықтан Х.Н. Атсыз әркез тек өзіне және өз ұлтына ғана сену керектігін алға тартып, ешкімнен көмек күтпеу керектігін ескертіп жүрді. Өзі де сол жолда қызмет етіп, өзінен кейінгі буынға жол көрсете білді.

Х.Н. Атсыз Исламнан бұрынғы түрік әдебиетіне ерекше қызығушылық танытып, көп тиражбен шыққан романдар жазды. Өзіне кең көлемді оқырман аудиториясын тапқан Х.Н. Атсыз тарихи романдарымен бірге ғылыми зерттеулері және поэзиялық шығармаларымен түркі халықтарының намысты тарих беттері мен маңызды оқиғаларын өзінен кейінгі ұрпаққа жеткізе білген ықпалды қаламгер (Enginün, 2010: 354).

Хүсейін Нихаль Атсыз «Көкбөрілердің өлімі» (1946), «Көкбөрілердің тірілуі» (1949), «Көкжал» (1958) атты тарихи роман, «Z витамині» (1959) атты бюрократизмді сынға алған сатиралық роман, «Рух адам» (1972) деген психологиялық роман және «Жағымпаздар түні» (1941) сынды сатиралық-аллегориялық туындылардың авторы. Романдарының саны алтауға жетеді.

Алғашқы екі тарихи роман кейінірек біріктіріліп, «Көкбөрілер» деген атпен дилогия құрады. Екі роман бір-бірінің заңды жалғасы. «Көкбөрілер» дилогиясы көне түркі кезеңіндегі жалпы түркілердің күрескерлік өмірі мен мемлекет құру принциптерін суреттесе, «Көкжал» романына түрік тарихының сүреңсіз кезеңі деп саналған Йылдырым Баязит пен оның ұлдары билік құрған тұс негіз болған.

«Рух адам» романында Атсыз өзінің ішкі дүниесін ашып, рухани күйін талдау тәжірибесін жасауға тырысқан. Басқаша айтар болсақ, өмірінің соңғы сәттеріндегі жалғыздығы, өзін-өзі іздеуі, рухани тереңдеу мен кемелдену күндерінің шығармасы деуге болады.

«Жағымпаздар түні» – жазушының алғашқы көлемді эпикалық шығармасы. Ол сонау 1941 жылы жарық көрген. Сатиралық һәм аллегориялық үлгіде жазылған романның сюжеті Түркиядағы бір партиялы билік кезеңіне арналған. Басшылардың айналасына топтасып, өздерінің мүдделерін көздеген көрсоқыр зиялы қауым өкілдері мен басшы шенеуніктерді жерден алып, жерге салатын бұл шығарма шын мәнісінде автордың ерлікке баланған еңбегі деп бағаланады. Бұл шығарманың қоғамдық ықпалы өте күшті болды. Көптеген адамның Атсызға жөн-жосықсыз шүйлігуі немесе қараптан-қарап дұшпан атануында осы романның үлесі зор болды деп санайды түрік зерттеушілері. Әдебиет сыншыларының пікірінше, аталмыш роман Танзимат әдебиетінің өкілі Зия Пашаның «Жеңіснама» (*Zafername*) шығармасынан кейінгі өте мықты әлеуметтік сатираға мысал бола алады (Kabacli, 1994: 646).

Хүсейін Нихаль Атсызды жазушы ретінде белгілі еткен оның тарихи романдары. «Көкбөрілердің өлімі», «Көкбөрілердің тірілуі» тарихи дилогиясы және «Көкжал» романы қаламгердің көне түркілерге де, қазіргі түркі тектес халықтарға да, Анадолы түріктеріне де сүйіспеншілігін арттыра түсті. «Көкбөрілер» дилогиясында көне түркі кезеңі, яғни Түркі қағанаты кезеңіндегі оқиғалар баяндалады. Х. Атсыздың көне тарихқа баруында әрине оның саяси көзқарастары, ұлттық түркілік та-

нымы негіз болды деп пайымдаймыз. Ұлы бабаларымыз Білге Қаған, Күлтегін және Тоныкөк ескерткіштеріндегі жазбалар мен уақиғаларды тартымды қиял-ғажайып романға айналдырғысы келді. Бұл, әрине, түрік тарихи романындағы жаңа сүрлеу, тың бағыт болды. Оқырманның махаббатына бөленіп, кең көлемді қоғамдық резонанс тудырды. Бұл жерде, әрине, Х.Н. Атсыздың мамандығының да септігі тиді дей аламыз.

Аталмыш романдарда автор Орта Азиядағы түркілік көзқарасты аңсауы, батыр бабаларды ұлықтау, халқы мен ұлты үшін өлімді көзге алу, соғыс майданына еш қорықпастан еніп кету, тегіне деген беріктік пен оны шексіз сүюі сынды тақырыптар балалар мен жасөспірімдердің тамырына желі тартып, ерекше шеберлікпен насихатталды. Бұл дилогия түрік әдебиетінен гөрі түрік қоғамына ерекше ықпалды болып, жаңа бағыт ашты деуге болады. Х.Н. Атсыздың үлкен шеберлікпен роман сюжетіне негіз еткен және түркілердің ұлы тарихы мен өнерінің ұлттық құжатына айналған Орхон-Енисей ескерткіштеріне деген өзінің таңқалысын автор былайша жеткізеді: «Саясаттағы достық – барлығы жалған, боз өкпе, шындық сөзді Күлтегін ескерткішінен ізде». Осы формула арқылы оның тұраншылдық идеясына бекер бет бұрмағандығын, түркілердің шынайы тарихы осы ежелгі түркі жазба ескерткіштерінде сайрап жатқандығын алға тартып отырғанын аңғару қиын емес.

Х.Н. Атсыздың тарихи танымдық түсінігі мен философиялық көзқарастары айрықша зерттеуді қажет ететін тақырып. Атсыз үшін тұраншылдық бүкіл идеялардың биік шыңы. Бұл түркі тектес халықтарды біріктірудегі негізгі жол. Х. Атсыз өзінің «Түрік тарихындағы мәселелер» атты зерттеуінде былай деп жазды: «Тұраншылдық – Түркияда 60 жылдан бері айтыс-тартысқа түскен ірі мәселе. Уақыт өте, түріктермен қоса өзге түркі халықтарды да бір жүйеде бірігеді деп ойлаймын. Дегенмен, қазіргі кезде «тұраншылдық» дегенде Түркиядағы таным-түсінік мынаған саяды: тарихи мұраларымен қоса бүкіл түркілерді бір мемлекет туының астына біріктіру идеясы және әр идея секілді ұрпақтарға бет бұрған, қан мен жан салығын қажет ететін, көңілдерді толғандыратын наным-сенім. Біздер үшін ең қасиетті мақсат – тұраншылдық идеясы. Бүкіл түркілерді біріктіру біздің құқымыз және міндетіміз. Бізден зорлықпен қинап жұлып алған бөлшекті сондай зорлықпен қайтару арқылы әділеттілікті орнатуымыз керек. Сондықтан, тұраншылдық – ұлылықтың көзқарасы деп

білеміз. Ал ұлылық көзқарасы дегеніміз – қасиетті һәм бекзат көзқарас» (Atsız, 2016: 47).

Х.Н. Атсыз – бәрінен бұрын өзінің идеяларына өте берік терең моральды адам, ол қоғамда болып жатқан өзгерістерге үлкен батырлықпен кірісіп, аяусыз күрескерлігімен белгілі болған ұлттық тұлға. Ол өз өмірін қатерге тікті, ертең қызметімнен айырылып қаламын-ау деп еш қорықпады. Атсыз үшін ұлттық мүддеден жоғары еш нәрсе жоқ. Өзі берік ұстанған көзқарастары үшін аш-жалаңаш та қалды, қызметінен де алшақтатылды, түрмеге де қамалды, жұмыссыз да жүрді, бірақ көзқарастарынан бас тартпады. Түркияның ата-бабалар жолында, ұлттық жолда дамуын қалады. Тек Анадолы түріктерінің ғана емес, өзге де түркі тектес халықтардың бастарын тік көтеріп, өздерінің даңқты тарихымен мақтануын, мызғымас мемлекеттер құрған ата-бабаларының ерліктерін мадақтауын талап етті.

Сондықтан болар Атсыз тегі терең түркілердің даңқты тарихын іздеді, іздеп қана қоймай оны ғылыми айналымға енгізді және оны үлкен шеберлікпен көркем өнерге айналдыра білді. Осындай ізденістер негізінде Х.Н. Атсыз өзінің алғашқы еңбегі – «Көкбөрілердің өлімі» (Atsız, 2018) атты тарихи романын жазады. Аталмыш роман алғаш жарияланған 1946 жылдан соңғы басылымы 2018 жылға дейін 131 рет басылып шыққан. Бұл тарихи шығарма түрік халқының қолынан тастамай оқитын сүйікті романына айналды.

Х.Н. Атсыз «Көкбөрілердің өлімі» мен «Көкбөрілердің тірілуі» атты романдарын сонау жылдары, түрмеде жатқан кезінде және кейін түрмеден босап, үш жылдай жұмыссыз бос жүрген уақытта жазып бітірген (<https://edebiyatvesanatakademisi.com>). «Көкбөрілердің өлімі» тарихи романын 1936 жылдың соңында бастап, 1946 жылы аяқтайды. Қысқасы, Атсыз бұл романды жазуға 10 жылдай уақытын жұмсаған, содан соң 5 жылдай басылуын күтті. Кітап ретінде шықпай тұрып аталмыш романның алғашқы бөлімдері Тахсин Демирай деген жазушы шығарған «Алау» (Атеш) журналында иллюстрациялы түрде үзінді боп жарияланған (1937 жылдың 7 қаңтары 29 және 32 сандарын есептегенде, 7-40 сандары) ([Ercilasun, https://www.yenicaggazetesi.com.tr](https://www.yenicaggazetesi.com.tr)).

Х.Н. Атсыз бұл романдарды жазар алдында өзінің саяси бақталасы Сабахаддин Әлиге былай деп хат жазады: «Балақай Сабахаддин! Мен саған керемет бір сырымды ашайын. Мен Күршадты роман етіп жазбақпын. Мені бұған итермелеген Тахсин Демирай бауырым. Менен «Отты бала-

лар» деген орта мектеп оқушыларына арналған апталыққа ұлттық тақырыптағы әңгімелер мен роман үзінділерін беруімді сұрады. Сөз берген едім. Қинай түскен соң амалсыз қолыма қалам алдым. Роман – «Көкбөрілердің өлімі» деп аталатын болады. Жалпы, проза мен драматургияны жақсы білетін Нихат Сами Банарлы романның бас жақтарын оқып, ұнатты. Болашақта кітап етіп шығарып жатсам, саған міндетті түрде жіберемін» ([Ercilasun, https://www.yenicaggazetesi.com.tr](https://www.yenicaggazetesi.com.tr)).

«Көкбөрілердің өлімі» романы алғашқы шыққан күнінен бастап-ақ, бүкіл түрік қоғамының санасын сілкіген және ең көп оқылған роман болды. Атағы жер жарды. Атсыз бұл тарихи романы арқылы Түркі қағанаты кезіндегі түркілердің өмір салты мен дәстүрлерін, тарихи уақиғаларды жаңғыртты. Қай бөлімінде болмасын ол түркілік бірегейлікті көрсетіп қалуға тырысты. Әсіресе, түркілердің көнеден жалғасып келе жатқан ата-баба салттарын ашық сипаттап, түркілердің дала заңына беріктігін, заң сыйлау қабілеттерін барынша ашып көрсетеді. Қытайға қарсы шабуылдар мен әскери жүйе романның негізін құрады. Аталмыш шығарма түркі мәдениетін зерттеушілер үшін негізгі академиялық әдебиет рөлін де атқарды. Қырғыздың ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматовтың өзі «Көкбөрілердің өлімі» романын оқығанда: «Ұлы далада туылған менің өзім дала өмірін, жалпы, ұлы даланы еш көрмеген Х.Н. Атсыз секілді жақсы жаза алмас едім» – деген екен.

Романның уақиға желісі 620 – 630 жылдар аралығында болған Өтікендегі Түрік қағанаты, яки көкбөрілер мен Қытай арасындағы уақиғаларды суреттейді. Атсыз – көшпенділік, саятшылық және жаугершілік өмір салтына негізделген мәдени құрылымға ие түркілер мен егіншілік және саудасаттыққа негізделген қытайлардың мәдениеті арасында пайда болған қайшылықтарға, шетін мәселелерге ерекше ден қояды.

Оқиға Көктүріктердің ұлы қағаны Шұлық қағанның уланып өлтірілгендігі хабарының халыққа жетуімен басталады. Шұлық қағанды улап өлтірген оның қытайлық әйелі – ханшайым Ішінг Қатын екендігі белгілі болса да, дәлелдеу қиынға соғады. Ендігі жерде билікке кім келеді, Шұлық қағанның тағына кім отырады, Көкбөрілерге кім қаған болады деген мәселе халықты қатты толғандырды. Құрылтай Шұлық қағанның екі ұлын – Яшар Шад (Тұлы қаған) пен Шу Тегінді (Күр Шад) жас деп сайламай, есесіне қаған етіп Шұлық қағанның бауыры Бағатұрды «Қара қаған» деген есіммен таққа отырғызады.



Түрік бұтыны алғашқыда Бағатұрдың таққа отыра сала ағасы Шұлық қағанды улап өлтірген Ішінг Қатыннан өшін алады деп ойлаған, алайда Қара қаған керісінше, белгісіз себептермен қытай ханшайымына үйленіп алады. Бұл халықтың ашу-ызасын туғызды. Қара қаған Ішінг Қатынның сөзіне еріп, елге соншалық көмек бере алмайды. Қара қағанның таққа отыру рәсіміне Ішінг Қатынның бауыры, Қытайдан қыспақ көріп қашып келген ханзада Шен Кинг келеді. Шен Кингтің келуімен уақиға өрши түседі.

Шен Кинг жалпы түркі салт-дәстүрін бұзушы ретінде нақты образын тапқан. Шен Кинг түркілердің мемлекеттік істеріне араласуымен бірге олардың моральдық-этикалық келбетін бұзуға тырысады. Ол романның бас кейіпкерлерінің бірі – мыңбасы Ышпара Алыптың сұлу әрі ержүрек қызы Алмылаға (дұрысы Алмалы) көз тігеді. Алмылаға үйлену арқылы көкбөрілердің билігіне келуді көксейді. Алайда мұны жақсы білетін Ышпара Алып қызы Алмыланы онда ойы бар жауынгері онбасы Барысқа қосып, екеуінің ел үшін қызмет етуіне жол ашады. Ышпара Алып түркі моралінің сақталуына ерекше көңіл бөледі. Түркі бірегейлігін құртуға тырысқан Ішінг Қатын мен оның бауыры Шен Кингтің жымысқы саясатына қарсы шығады. Олардың бұл жымысқы саясатын халық та біледі. Алайда Қара қағанның Ішінг Қатынның сөзінен шыға алмай жатқанына күйінеді.

Түркі қағанатындағы қытай тыңшыларының түркілерге қарсы жұмыс істеп жатқандығы романның өн бойында желі тартып жатыр. Әсіресе, қытай қыздары жас түрік сарбаздарын алдап-арбап, тапқан-таянғандарын қытай саудагерлеріне бергізіп, ол пұлдың барлығы қытайдың дамуына үлес қосуға Қытай асып жатқандығы романда шынайы суреттеледі. Мұрнының астында осындай қастандық істер істеліп жатқандығына Қара қаған онша мән бермейді. Тек, Шұлық қағанның кенже ұлы Күршадтың бұған көз жұма қарамайтындығы, түрік сарбаздарының қытай саудагерлеріне алданып жатқандығы, көптеген байлықтың Қытай асып жатқандығы жанына қатты батады. Ол Қара қағанды көндіріп, Кеңес шақырып, заңды қатайтуын талап етеді. Қытай қыздарының арбауына түскен біраз сарбаз жаза арқалайды.

Қара қаған билігі тұсында әскерге көңіл бөлінбей, олардың тұрмыстары күрт нашарлап кетеді. Енді әркім өз отбасын аң аулап асыраудан басқа шарасы қалмайды. Ал бұл сол кездегі жауынгер түркілердің әскери беріктігін ұстап тұруға өзінің теріс ықпалын тигізеді.

Романда көне түркі мәдениетінің үлгілі көріністері айқын суреттеледі. Түркілердің аң аулау дәстүрі, әскери жаттығулары, қару-жарақ қолдану, жылқы баптау, ұлттық тағамдарды пайдалану, әсіресе қымыз сусынының ерекше табиғатын ашып көрсету арқылы түркілердің бірегейлігінің мызғымас берік екендігін автор жақсы жеткізе білген.

Автор шығармада Шұлық қағанның қазасын өте ауыр қабылдаған сол кездегі атақты жырау Қара Озанның аузымен жеткізеді. Өзінің қобызымен бүкіл Өтікенді күңіретіп, сай-сүйекті сырқыратқан Қара Озанның жоқтауы ежелгі Сақтардың баһадүрі Алып Ер Тұңға жоқтауына өте ұқсас келеді. «Шұлық қаған өлді ме, түркілер басшысыз қалды ма, қорқау қытай күлді ме, паршаланды жүректер!» (Atsız, 2018: 26-27) деп жырлаған Қара Озан күллі әскерді бөрідей ұлытты. Көкбөрілердің бұл ұлығаны жақын ормандағы өздерінің сойынан тараған деп сенетін тағы көкжалдардың ұлуына ұласып, түркі даласын, қала берді, жер-жаһанды күңіретті. Шұлық қағанның қапиядағы қазасы осылайша ұлы даладағы көкбөрілердің терең қайғысына ұласты. Бұл көне түркілердің өз басшысына деген ерекше құрметті көрсетеді. Сол кездегі қағандар, яғбулар, мыңбасылар, жүзбасылар, онбасылар, батырлар, жасауылдар, жасауылбасылар – әркім өзінің жолын білетін, өздерінің дәрежелеріне қарай құрмет көрсететін нағыз түрік елінің түпқазықтары еді. Олардың барлығы да дала заңына бас ұрып, оны әспеттейтін, сыйлайтын, Кеңес шешіміне бағынатын мықты тәртіп иесі әскерилер.

Х.Н. Атсыз өзінің «Түрік әдебиеті тарихы» атты еңбегінде түркілердің мемлекеттері туралы өз ойын ортаға салады. Ол былай дейді: «Түркілерде мемлекет өте көне заманнан бері бар. Сақтар дәуірінде түркілердің мемлекет құру дәстүрі қандай дәрежеде болғандығын нақты білмесек те, Ғұндар дәуірінде мемлекет құру нақты бар. Түрік мемлекеттері аристократиялық сипатта болды. Мемлекет басшысы елді толық билеу құқығына ие болды, ал билеушінің жанында бектерден құралған «құрылтай» қызмет етті. Мемлекет басшысын Ғұндар мен Сиянпилар тұсында «яғбу» деп атаған. Апарлар, Көктүріктер және Оғыз-Ұйғырлар дәуірінде қаған деп атай бастады. «Хакан» мен «хан» сөздері «қаған» сөзінің кейініректегі өзгерген түлғасы. Мемлекет басшысын қаған деп атай бастаған соң яғбу екінші дәрежелі атақ болып қала берді» (Atsız, 2015: 27).

Мемлекет құру және мемлекеттікті сақтап қалу түркілер үшін қай кезеңде де маңызды болды. «Мемлекеттің бір түйір тасы сыртқа әкетілмеуі керек» деген Ғұн патшасы Мөде ханның өсиеті одан кейінгі мемлекеттердің барлығында еш бұзылмай, нақты орындалды. Түркілер үшін ол мемлекеттік қағидаға айналды.

Романдағы негізгі кейіпкерлер – Шұлық қаған, Қара қаған, Күршад, Ышпара Алып, Бөгі Алып, Тұңға Тегін, Санжар, Жамтар, Барыс, Сүлеміш, Арық Бұқа, Қарабұтақ, Үшоғыл, Бақа Тарқан, Шалық, Алмыла – түркі елінің нағыз ер жүрек батырлары, ел қорғаушы сарбаздары һәм түркілік руханияттың қамқоршылары сипатында көрініс тапқан. Бұл кейіпкерлердің романда әрқайсысының өзіндік сюжетке құралған хикаялары бар. Сол арқылы автор олардың әрбіріне жеке сипаттама беріп өтеді. Айрықша, олардың түркілік бірегейлікті сақтау мен қалыптастыру жолындағы күрестері шынайы бедерленеді. Бұл түркілік бірегейлік кейінгі кезеңде қалыптасатын түрлі түркі елдерінің, жеке хандықтарының бірегейлігіне негіз болды. Одан әрі ол ұлттық бірегейлік деңгейіне жетті.

Романның соңында қытайлардың тыңшылық қызметінің нәтижесінде олардың арбауына түскен көкбөрілер оңбай жеңіліп, тұтқынға түседі. Бұл бірінші Көктүріктер мемлекетінің жеңілісі еді. Тұтқынға түскен түркі сарбаздары бұған шыдай алмайды. Күршад сардар намыстан өліп кете жаздайды. Дегенменде, ол қырық сарбазымен сарайда бүлік шығарып, қытай патшасын өлтіруге тырысады. Алайда оның бұл ойы жүзеге аспай қалады. Ол қырық сарбазымен қамалды бұзып қашып шығады. Дей тұрғанмен барлығы да Вэй өзенінің жағасында ерлікпен қаза табады. Күршад ағымен бірге жаралы күйде жауға қасқая қарап тұрып, асықпай қымызын ішіп, атының жалын құша қаза табады. Бұл өлім бүкіл қытайды шошындырды. Түркілер өліп жатса да атынан айырылмай, қымызын тастамайды екен деп селк етті. Бұл – алда әлі талай арпалыс бар екенінің белгісі еді.

## Қорытынды

Күршад пен оның қырық сарбазының ерлігі тарихта мәңгі жазылып қалды. Олардың рухы Тәңірі тауына жетті деп аяқтайды автор өз шығармасын. Әр сөйлемінде түркілік рухтың ұлылығына меңзейтін автор идеясы Күршад пен қырық сарбазының ерлігін күллі түркі жұртының ерлігіне балайды. Намысты елдің жігіттері қытай қыспағына шыдай алмағандықтан, кең даланың кеңістігін көксейді. Сондықтан олар қытай сарайында көтеріліс жасап, кеңістікке қарай ұмтылады.

Күршад пен оның қырық сарбазының ерлік өлімі көк аспанды күркіретіп, жауын тітіреткендігі мына бір жолдармен аяқталады:

Тілінсе жер, шөксе көк, жанып күл болса атырап,  
Ұлы тілекке сонда да жетеміз жаяу аңсап.  
Нажағай, үскірік, боранды өзімізге ық қып ап,  
Өлімді місе тұтпайтын қола жүректі Түркілерміз!  
(Atsız, 2018: 398).

Сарай көтерілісі кезінде Күршадтың әйелі кенже баласын аман алып, қашып құтылады. Ұрынғы өзінің баһадүр Күршадтың ұлы екенін кейін білді. Ұрынғы батыр әкесінің жолын қуып, түркілердің ерлік жолын қайталайды. Кейін құрылған екінші Көктүрік мемлекетінің негізін салуға бір кісідей атсалысып, сол жолда қаза табады.

«Көкбөрілердің өлімі» тарихи романы – түркі халықтарының құндылықтарын, мәдениетін, бірегейлігін, өркениетін, еш өзгермейтін және тоқырауға түспейтін салт-дәстүрін, көзсіз батырлығын, жаугершілігін бізге кең көлемде сипаттап ұсынған шығарма. Қытайларға жеңілсе де түркілер өздерінің бірегейлігін сақтап қалды, оған еш дақ түсірмеді.

Күршад өлді, алайда аттан түспеді. Өлді, бірақ жеңілмеді... (Atsız, 2018: 396).

## Әдебиеттер

<https://ru.wikipedia.org/wiki>

<https://www.britannica.com>

Gökalp Z. (1918). *Türkleşmek, İslamlaşmak, Muasırlaşmak*. İstanbul: Evkaf-ı İslamiye Matbaası.

Gökalp Z. (1923). *Türkçülüğün Esasları*. İstanbul: İnkılap Matbaası.

Durkheim E. (1919). *Les Regles de la Methode Sociologique*. Paris, Librairie Felix Algan.

Adıvar H.E. (1912). *Yeni Turan*. İstanbul.

Kuvai Milliye – Ұлттық армия – Түркиядағы ұлт-азаттық күрес кезіндегі түрік әскерінің атауы (Kabaklı, 1994).

Kabaklı A. (1994). *Türk Edebiyatı. Cilt III*. İstanbul: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları.

Tural S. (1976). *Tarihi Roman ve Atsız'ın Tarihi Romanları Üzerine Düşünceler*. Atsız Armağanı, İstanbul: Ötüken Yayınları.

- Atsız H.N. (2016). Bütün Eserleri 5. Yolların Sonu. Şiir. İstanbul: İrfan Yayıncılık.  
Аударма автордікі.  
Enginün, İ. (2010). Cumhuriyet Dönemi Türk Edebiyatı. İstanbul: Dergah Yayınları.  
Atsız H.N. (2016). Türk Tarihinde Meseleler. Bütün Eserleri 7. İstanbul: İrfan Yayıncılık.  
Atsız H.N. (2018). Bozkurtlar. Birinci Kitap. Bozkurtların Ölümü. İstanbul: Ötüken Neşriyat A.Ş.  
<https://edebiyatvesanatakademisi.com/cumhuriyet-donemi-romancilarimiz/huseyin-nihal-atsiz-hayati-ve-eserleri/861>  
Ahmet B. ERCİLASUN, Bozkurtların Ölümü ne zaman yazıldı? - <https://www.yenicaggazetesi.com.tr/-44514yy.htm>  
Бұл да сонда.  
Atsız H.N. (2015). Türk Edebiyatı Tarihi. İstanbul: Ötüken Neşriyat A.Ş.

## References

- <https://ru.wikipedia.org/wiki>  
<https://www.britannica.com>  
Gökalp Z. (1918). Türkleşmek, İslamlaşmak, Muasırlaşmak. İstanbul: Evkaf-ı İslamiye Matbaası. [Turkization, Islamization, Modernization. İstanbul: Evkaf-ı İslamiye Publishing].  
Gökalp Z. (1923). Türkçülüğün Esasları. İstanbul: İnkılap Matbaası [The basics of pan-Turkism. İstanbul: İnkılap Publishing].  
Durkheim E. (1919). Les Regles de la Methode Sociologique. Paris, Libraire Felix Algan.  
Adivar H.E. (1912) Yeni Turan. İstanbul Matbaası [The novel of New Turan. İstanbul Publishing].  
Kuvai Milliye – Ulttiq armiya – Turkiyadagy ult-azattyq kures kezindegi turik askerining atauy. Kabaklı, 1994. S.245 [Kuvayi Milliye - National army - the name of the Turkish army during the national liberation struggle in Turkey. Kabaklı, 1994, p.245].  
Kabaklı A. (1994). Türk Edebiyatı. Cilt III. İstanbul: Türk Edebiyatı Vakfı Yayınları [Turkish literature. Vol. III. İstanbul: Turkish Literature Foundation Publications].  
Tural S. (1976). Tarihi Roman ve Atsız'ın Tarihi Romanları Üzerine Düşünceler. Atsız Armağanı, İstanbul: Ötüken Yayınları [Historical novel and thoughts on Atsız's historical novels. Atsız Gifts, İstanbul: Ötüken Publishing].  
Atsız H.N. (2016). Bütün Eserleri 5. Yolların Sonu. Şiir. İstanbul: İrfan Yayıncılık [All Works 5. It's The End Of The Road. Poem. İstanbul: İrfan Publishing].  
Aударма avtordiki [author's translation].  
Enginün, İ. (2010). Cumhuriyet Dönemi Türk Edebiyatı. İstanbul: Dergah Yayınları [Turkish Literature Of The Republican Period. İstanbul: Dergah Publications].  
Atsız H.N. (2016). Türk Tarihinde Meseleler. Bütün Eserleri 7. İstanbul: İrfan Yayıncılık [Issues In Turkish History. All Works 7. İstanbul: İrfan Publishing].  
Atsız H.N. (2018). Bozkurtlar. Birinci Kitap. Bozkurtların Ölümü. İstanbul: Ötüken Neşriyat A.Ş. [Grey Wolves. In The First Book. Death Of The Grey Wolves. İstanbul: Ötüken Neşriyat A.P.].  
<https://edebiyatvesanatakademisi.com/cumhuriyet-donemi-romancilarimiz/huseyin-nihal-atsiz-hayati-ve-eserleri/861>  
Ahmet B. ERCİLASUN. Bozkurtların Ölümü ne zaman yazıldı? – [When The Death Of The Grey Wolves Was Written] <https://www.yenicaggazetesi.com.tr/-44514yy.htm>  
Bul da sonda [in the same place].  
Atsız H.N. (2015). Türk Edebiyatı Tarihi. İstanbul: Ötüken Neşriyat A.Ş. [History Of Turkish Literature. İstanbul: Ötüken Neşriyat A.P.].